



№65 (9952)  
19 тамыз  
сенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## Жаршысы



### Мәселе



## Байланыс сапасы оңала ма?

**Соңғы уақытта елімізде байланыс сапасының көңіл көншітпейтіні жиі сөз болып жүр. Әрине, аталған салада мәселенің бары белгілі. Дегенмен 4G байланыс буыны қазір ел азаматтарының 85 пайызы үшін қолжетімді болып тұр. Ал байланыстың бесінші буыны – 5G желісін азаматтардың 15 пайызы тұтынып отыр.**

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Қазақтелеком» АҚ және ұялы байланыс операторларының өкілдері елімізде ұялы байланыстың қолжетімділігі мен сапасына қатысты мәселелерді талқылау барысында осындай деректерді келтірді. Қазіргі уақытта байланыс операторларының жұмысы қосымша құрылғылар орнатуға және қазіргі жабдықтарды жаңғыртуға, сондай-ақ өңірлерде ұялы байланысты дамытуға бағытталған.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбектің айтуынша, өңірлерде аталған мәселе бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ салалық ведомство өкілдерімен ұялы операторлармен бірлесіп жол картасына қол қояды. Алдағы бес жылда 5G желісі бойынша 3 мыңнан аса базалық станса құрылуға тиіс. Бұл – 5G бойынша өткізілген аукциондардың нәтижесі.

– Биыл біз республиканың үш қаласында 5G желісін құрамыз. Қазіргі кезде 200-ден аса базалық станса Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан және тағы басқа қалаларда құрылған, – деді «Кселл» АҚ басқарма төрағасы Асхат Әзбөков.

«Beeline Қазақстанның» бас атқарушы директоры Евгений Настредин 250 және одан артық халқы бар елді мекендердің барлығында келесі жылдың соңына дейін үш ұялы байланыс операторы болатынын және клиенттер өз таңдауын жасайтынын жеткізді. «Біз 6 облыспен 250-ден аз адам тұратын елді мекендерге мобилді интернетті қалай тартуға болатыны туралы жол картасына қол қойдық. Бұл қиын, өрине. Дегенмен мемлекеттік бағдарламалар бізді жақсы ынталандырып отыр» деді ол.

Сонымен қатар ол ынталы компания турғындардың келіспеушілігіне байланысты үйлер мен ғимараттардың шатырларынан 300 базалық стансаны бөлшектеуге мәжбүр болғанын да айтты.

«Мобайл Телеком-Сервис (Tele2/Altel)» компаниясы ынталы аукционда жеңіске жетіп, 5G технологиясын орнатуға мүмкіндік алды. Бірінші кезекте бұл өсіп келе жатқан трафикті тиімді өңдеуге жол ашпақ. «Адамдарда трафиктің сапасына қатысты проблемалар болмас үшін жаңа технологияларды енгізу қажет. Бұл тұрғыда ең әлеуеттісі – 5G. Бүгінгі таңда 5G желілерін пайдалана алатын клиенттер саны шамамен 15 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш ай сайын өседі», дейді «Мобайл Телеком-Сервис (Tele2/Altel)» бас директоры Сергей Кольцов.

Өз кезегінде «Кселл» АҚ басқарма төрағасы Асхат Әзбөков мемлекет тарапынан рұқсат беру рәсімдерін жеңілдету, ал қоғам тарапынан мобилді байланысты бірінші қажеттілік құралы ретінде түсініп, қабылдау бойынша қолдаудың болғаны маңызды екенін атап өтті.

Телекоммуникация индустриясының өкілдері ғимараттарды жаңа инфрақұрылыммен жабдықтау қалалардың инфрақұрылымдық кодына айналуды тиіс деп санайды. «Қазақтелеком» АҚ инновациялар жөніндегі бас директоры Нұрлан Мейірманов компанияның бүгінде 1 700 мың абонентке қызмет көрсететінін атап өтті. Оның айтуынша, оптикалық желіде 1 абонент секундына шамамен 3,7 ТБ тұтынады. Яғни бір клиенттің трафигі айына 300 ГБ-тан асады. Еуропада бұл көрсеткіш шамамен 270 ГБ-ты, АҚШ-та 580 ГБ-ты құрайды. Жалпы елімізде тұтыну нормалары өте жоғары. Компания жаңа желілерді, атап айтқанда, ұялы байланысты дамыту үстінде. «Жилік сызығымыз жоғары қозғалыс, яғни миллиметрлік диапазонға көшу ұялы байланыс операторларын үй-жайларға көшуге мәжбүр ететінін түсіну керек. Ал бұл ауқымды жұмыс», дейді ол.

Оның пікірінше, реттеушінің ғана емес, басқа да мемлекеттік органдардың күш-жігері қажет. «Олар да атсалысып, стандарттар мен нормаларды қайта қараса дұрыс болады. Тиісінше, барлық жаңа ғимарат, құрылыс жаңа инфрақұрылыммен жабдықтауға тиіс. Бұл қалалардың инфрақұрылымдық кодына айналуды керек», деді Н.Мейірманов.

Вице-министр Асхат Оразбектің айтуынша, ведомство бизнес және өкілшілік ғимараттар иелерінің ұялы байланыс операторларына кіріп, жабдықтарды орнатуға, сондай-ақ осындай ғимараттардың ішінде сапалы байланысы бар сымсыз желілерді тартуға мүмкіндік беру міндетін заңнамалық тұрғыдан бекітуге бастамашылық жасайды.

– Мамыр айында «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға түзетулер енгізілді. Оған сәйкес базалық стансаларды орнату үшін тұрғындардың 50 пайызы қолдауға тиіс. Бұған дейін тұрғындардың 70 пайызының келісімі қажет болатын. Сондай-ақ біз телекоммуникациялық жабдық орнату туралы шешім қабылдауды үйдің кеңесіне тапсыру бойынша қосымша түзетулер енгіздік. Бұлар Мәжілістің қарауында, – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникация комитетінің төрағасы Ержан Мейірамов.

Министрлік 5G желісін сату аукционның нәтижесінде жаңа оператор пайда болуы мүмкін екенін де мәлімдеді. Комитет төрағасының айтуынша, ведомствоның жалпы реттеуші ретіндегі басты мақсаты – бәсекегерлік орнату және оны одан әрі дамыту. «Осыған байланысты екі мәселені айтып кеткен жөн. Біріншіден, Үкіметтің «Қазақтелекомның» ішкі екі мобилді оператордың біреуін шығару туралы нақты тапсырмасы бар. Қазіргі таңда инвесторлармен жұмыстар жалғасып жатыр» деді Е.Мейрамов.

Сонымен қатар жыл соңына дейін осы 5G желісін сату мақсатында тағы да аукцион ұйымдастыру жоспарланып отырғанын, егер сол жақта басқа бір инвестор жеңіп алса, жаңа бір байланыс операторының пайда болуы әбден мүмкін екенін айтты.

«ЖЖ» ақпарат

## Серпін алған сала

**Бүгінде өңірде 95 спорт түрі бойынша 316 100 мың адам тұрақты дене шынықтырумен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанады. Тиісінше жыл басынан бері облыста 920 бұқаралық спорттық іс-шара ұйымдастырылып, оған 106 750 адам қатысқан. Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында тамыз айының үшінші жексенбісі – Спорт күніне орай облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов Сыр спортындағы жағымды жаңалықтарын БАҚ өкілдеріне баяндады.**

– Бүгінде Сыр спорты серпінді дамып келеді. Мәселен біздің спортшыларымыз ҚР чемпионаты мен кубоктарынан 732 медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаттарында 92 медальға қол жеткізді. Сондай-ақ, спорт түрлері бойынша ҚР Ұлттық құрама командасына облыстан барлығы 552 спортшы енгізілген. Осы жетістіктерімізді одан әрі жетілдіру аса маңызды. Сондықтан да жыл басынан бері 4 ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 4 ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 48 ҚР спорт шебері, 598 ҚР спорт шеберлігіне кандидат спортшы дайындалды. Ендігі кезекте, тамыз айының үшінші жексенбісі – спорт күні орай өңірмізде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, Нағи Ильясов спорт көшенінде Қызылорда облысының 85 жылдығы мен ҚР спорт күніне орай спорт мектептері басшыларының арасында үстел теннисінен облыстық турнир өтті. Сонымен қатар, 18 тамыз күні велошеру өтеді. Бұл шараға кез келген қала тұрғыны қатыса алады. Ал ең басты мерекелік көш Президент саябағында өтіп, соны концерттік бағдарламаға ұласады, – деді басқарма басшысының орынбасары Жігер Ондасынұлы.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

### Бәрекеді!

## Спортшылар құрмет төрінде



**Жалағашта спорт сапасында серпін қалыптасуы заңдылық, иә, бұл сөзімізді біржақты пікір дерсіз, бірақ бүгінгі шарада сала ардагерлерінің сөзіне құлақ түрген мен осындай шешімге келдім. Ешқандай жалғандық жоқ, барды бар, жоқты жоқ деп таза сөйледім. Саланың дамуы жолында еткен еңбек, төккен тер, осы жолда көрген қиыншылықтар, бәрі-бәрі сала ардагерлерінің естеліктеріне арқау болды. Рас, қазір спорт саласын дамытамын, осы жолда тер төгемін деген азамат болса, барлық жағдай қарастырылған. Ал еткен шаққа көз жүгіртсек, осынан қиындықты еңсеріп, жас ернен чемпион шығарған аға буына алғаусыз алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Міне, бізде спорт саласының дамуы заңдылық дегенім де осы еді. Бастысы, із бар, сол ізбен келе жатқан жастарымыз да жетерлік. Ал мұндай еңбек барда өңір спортында серпін қалыптасуы заңдылық.**

Аудан өкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов және спортпен жүйелі түрде шұғылдандушылар қатары 13 500 адамға жетіп отыр. Бұл аудан халқының 38 пайызын құрайды.

Қазіргі таңда ауданда спорттың әр түрлі деңгейдегі спортшыларын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарына сәттілік тілеп, мемлекет тарапынан салаға қолдау басым екенін жасырмады.

– Қазақстан Республикасының Спорт күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 2003 жылдан бастап тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтілетін бұл мереке тек спортшылар мен жаттықтырушылар ғана емес, дене тәрбиесі мен спортты насихаттайтын барша қазақстандықтар үшін ерекше мереке. Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. «Спорт – денсаулық кепілі» қағидасын берік ұстанған мемлекетіміз халқымыз ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауда. Білімді, тәрбиелі ері деңгейіне ұластырғын құрметпен құрметтейміз. Олай болса, балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – мемлекет алдындағы стратегиялық басым бағыт. Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Президент ретіндегі алғашқы Жолдауында бұқаралық спортты дамыту мәселесіне басты назар аударған болатын. Президенттің осы тапсырмасы аясында Президентің «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» бойынша ауданда да біршама жұмыстар атқарылды, – деді аудан өкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов.

Айта кетейік, бүгінгі таңда ауданда дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылдандушылар қатары 13 500 адамға жетіп отыр. Бұл аудан халқының 38 пайызын құрайды.

Қазіргі таңда ауданда спорттың әр түрлі деңгейдегі спортшыларын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарына сәттілік тілеп, мемлекет тарапынан салаға қолдау басым екенін жасырмады.

– Қай заманда да спорт бейбітшіліктің, туысқандық пен достықтың елшісі іспетті болған. Сонау Қажымұқан бабамыздан бастау алатын қазақ спорты бүгінде әлемдік деңгейге көтерілді. Еліміз тәуелсіздік алғалы спортшы саңлақтарымыз қазақ халқының намысын қорғап, жер бетінде қазақ деген халықтың бар екенін паш етіп, оның ұл-қыздарының төндессіз күш-қуатын, қабілет-қарымын дүниежүзіне мойындап келеді. Аудан спортшылары да республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де мақтанарлық нәтижелерге қол жеткізіп, аудан абыройын асқақтатуда. Осы жолда еткен еселе еңбектеріңіз бар, бүгінгі мерекемен сіздерді тағы да құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді Арнұр Нұрмағанбетов.

Был 1 жартыжылдықта спортшыларымыз республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ел чемпионаттарында 7 алтын, 2 күміс, 1 қола медальға ие болса, облыстық жарыстарда 22 алтын, 13 күміс, 20 қола медаль қоржынға салған. Алғашқы алты айда 1 разрядты спортшылар саны 9,

спорт шеберлері 8, спорт шеберіне үміткерлер 27-ге жетті.

Мұндай жетістіктер өз алдына, келелі кездесуде аудан өкімінің міндетін атқарушы саладағы тағы бір жағымды жаңалықпен бөлісті. Ол осы аптада Алтай бөктерінен жеткен ақжолтай хабарға қатысты екен. Қаракез қарындасымыздың жеткен жетістігіне қуанбаған халық жоқ, бәріміз өре тұра езі бұл жиында болмаса да қошемет көрсеткіміз сондықтан еді.

– Осы кездесуімізде жағымды жаңалықпен бөлісе кетсем, «Наркескен» спорт клубының «Тоғызқұмалақ» бөлімінің жаттықтырушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Кенжебекова Ақерке Батырбекқызы Монғолияның Баян-Өлгей қаласында 9 елден 200-ден астам спортшы қатысқан тоғызқұмалақтан өткен VI Азия чемпионатында алтын жүлде иегері атанды. Жеңіс құтты болсын! Осындай толағай табыстарда жаттықтырушылар да маңдай тері мен табанды еңбегінің қолтаңбасы жатқанын айта кеткім келеді, – деді Арнұр Нұрмағанбетов.

Мұнан кейін кезек марапаттау рәсіміне де келіп жетті. Бірқатар спортшы облыс және аудан өкілдерінің алғыс хатымен марапатталса, сала ардагерлеріне аудан өкімінің құттықтауы табысталды. Мұнан кейін ардагерлер спорт саласында еткен еңбектері жақында естеліктер айтып, ізін басқан бүгінгі буыннан ағалық ақылын аямады.

Олар біздің бұйынға қалай ақыл айтса да жарасады, шама-шарқыңша салада еңбек етті, аудан спортын алға сүйреді, осы жолда тер төкті. Саналы ғұмырын спортқа сарп етті, өлі де спорттан қол үзген емес, ауданда ардагерлер арасында мұндай сайыстарда қазыналы қарттарымыз төбе көрсетіп жатады.

Осындай шаралардан тыс қалмауының өзі бізге үлгі. Арнұр Әлібекұлының сала ардагерлерінің еңбегіне ерекше тоқталуды да сондықтан.

– Ауданда салауатты өмір салтын халыққа насихаттап, спорттық жарыстарға белсене қатысып, жас ұрпаққа үлгі көрсетіп жүрген аға буын өкілдерімен біз мақтанамыз. Олай дейтінім, Садық Алив ағамыз бастаған ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен жылда спорттық шаралар, балық аулаудан жарыстар, спартакиадалар өткізілуде. Осы маңызды шараларға ардагерлер де атсалысып келеді. Осы спорт саласының бүгінгі жеткен жетістіктерінде ерекше қолтаңбасы бар, жас ұрпаққа үлгі болып жүрген ардагер спортшыларымыз аман болсын, – деді ол.

Келелі жиында сала ардагерлері Сұлтан Бекжанов пен Қуандық Ахметов ағаларымыз сөз сөйлеп, бүгінгі құрмет үшін алғыс білдірді.

– Бұл тек аудан спортшыларына және ардагерлеріне ғана көрсетілген құрмет емес, жалпы қазақ спортына көрсетілген құрмет деп білемін. Өзім осы салада ұзақ жылдар еңбек еттім. Өлі де спорттан қол үзбеймін. Осындай құрмет үшін алғыс білдіремін. Сондай-ақ ізімді басып келе жатқан жастарға айтарым, тек спортқа адал болыңыздар. Спортқа адал маманнан, бапкерден ел мерейін үстем етер чемпиондар қалыптасады. Елдің мерейін байрақты бәсекелерде үстем ететін жастарды қалыптастыратын сіздерсіздер. Осы жолда жасап жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын, – деді сала ардагері, аудан спортында өзіндік қолтаңбасы бар Сұлтан ағамыз.

Мұнан кейін Қуандық Ахметов ағамыз да көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, бірқатар ұсынысын ортаға салды. Ол сала ардагерлеріне ауданның құрметті азаматы атағы берілсе дейді, сондай-ақ аудан спорты жайында және салаға серпін берген азаматтардың еңгелі өмір жолы бағында кітаптар жарыққа шықса деген тағы бір тілегін жасырмады. Арнұр Әлібекұлы бұл ұсыныстарды аудан өкімі Асқарбек Есжановтың қолдайынын айтып, алдағы уақытта тиісті жобалар қолға алынатынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Аудан тұрғындарын қабылдады

**ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫНА АРҚАУ БОЛҒАН БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА КЕШЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АРНҰР НҰРМАҒАНБЕТОВ ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫН КЕЗЕКТІЛІККЕ СӘЙКЕС ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ.**



Қабылдауға келген жалағаштықтар бірнеше мәселелерімен, нақтырақ айтсақ, тұрақты жұмысқа орналасу, тұрғын үй салу мақсатында жер алу кезегі бойынша жүгінді. Көтерілген жеке мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нақты жауап берілді. Нәтижесінде тұрғындардың ұсыныстары назарға алынып, алдағы уақытта жауапты сала басшылары заң аясында жұмыс жасайтын болады. Тұрғын үй беру бойынша заң аясында кезек тәртібімен берілетіні айтылып, баспанамен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетіні жеткізілді. Сонымен қатар бірқатар жұмыс сұраушыларға бүгінгі таңда аудан бойынша бос жұмыс орындарын ұсына отырып, мәселесін шешу үшін тиісті бөлім басшыларына тапсырмалар жүктетті. Айтпақшы, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

«ЖЖ» ақпарат

## Сессия

### 5 мәселе қаралды

**БЕЙСЕНБІДЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС V СЕССИЯСЫ ӨТТІ. Оған АУДАН ӘКІМІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АРНҰР НҰРМАҒАНБЕТОВ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН ҚАТАР АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.**



Жиында бес мәселе қаралды. Алдымен «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №30-2 шешіміне өзгерістер енгізу жайы қаралса, мұнан кейін аудан бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту жайы пысықталды. Сессияда Жалағаш кентіндегі көшелерді қайта атау жайы да күн тәртібінен түскен жоқ. Сондай-ақ ауданда бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын бекіту де халық қалауыларының назарына ұсынылды. Ал соңғы мәселеге аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 4 ақпандағы №14-21 «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық саны мен құрылымын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу жайы арқау болды. Бірінші мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханованың хабарламасы тыңдалып, тұрақты комиссия отырысында жан-жақты талқыланған аудан бюджетіне өзгеріс енгізу туралы мәселеге оң шешім қабылданды. Сондай-ақ екінші мәселе де депутаттар тарапынан қолдау тауып, Жалағаш ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы шешім жобасы бекітілді. Кент әкімі Мардан Жамалатов Жалағаш кентіндегі көшелерді қайта атау туралы мәселе бойынша хабарлама жасап, қызу талқыға түсті. Талқылау барысында аудандық мәслихат депутаты Гүлзат Құрманбаева әрбір көше бойынша жеке-жеке дауыс беруді ұсынып, қорытындысымен депутаттар тарапынан аталған мәселе Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысында қайта қарауға кері қайтарылды. Соңғы екі мәселе бойынша аудандық мәслихат аппаратының басшысы Т.Сарбалаевтың хабарламасы тыңдалып, тиісті шешімдер қабылданды. Жиын соңында сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов бүгінгі отырыста қаралған мәселелердің маңыздылығына тоқталып, аудан бюджетіне енгізілген өзгерістерді түсіндіріп, алдағы уақытта атқарылатын жобалармен таныстырды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

## Актив



## Ержан Қайнарбаев – аппарат басшысы

**АУДАН ӘКІМІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АРНҰР НҰРМАҒАНБЕТОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САДЫҚ ӘЛИЕВ ПЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ ӨМІРЗАҚ ЕЛЕУСІНОВ БАСТАҒАН БІРҚАТАР АЗАМАТТАР ҚАТЫСЫП, АУДАН ӘКІМДІГІНДЕГІ БІРҚАТАР КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АЙТЫЛДЫ.**

Жалағаш ауданы әкімінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №335 өкімімен Ержан Қайнарбаев Жалағаш ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды. Ержан Еділбайұлы 1986 жылы дүниеге келген. Білімі жоғары, мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, тарих мамандығы бойынша бакалавры, құқықтану. Еңбек жолын ең алғаш 2007 жылы Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі Т.Жүргенов атындағы №123 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған ол 2011-2013 жылдары – Жалағаш аудандық білім бөлімінің бас маманы, 2013-2015 жылдары – Жалағаш ауданы әкімі аппаратында персоналды басқару бөлімінің бас маманы, 2015-2018 жылдары – Жалағаш ауданы әкімі аппаратында персоналды басқару бөлімінің бас инспекторы, 2018-2023 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратында ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы болса, 2023 жылдың

ақпан айынан бастап осы уақытқа дейін Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарған. Жалағаш ауданы әкімінің 2023 жылғы 9 тамыздағы №325 өкімімен Сағал Уәлихан Таңатарұлы Жалағаш ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Уәлихан Таңатарұлы 1995 жылы дүниеге келген. Білімі жоғары, мамандығы құқық бакалавры. Еңбек жолын 2018 жылы Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде әдіскер болып бастаған. 2020-2023 жылдары Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы болып, 2023 жылдың қаңтар айынан осы уақытқа дейін Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің сектор меңгерушісі қызметін атқарған.

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының сайланған өкімдерді тіркеу туралы 2023 жылғы 13 тамыздағы №7 шешіміне сәйкес, 2023 жылғы 14 тамыздағы №332 өкімімен Төлеген Қорғанбек Мәдениет ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланды. Төлеген Қорғанбекұлы 1989 жылы дүниеге келген. Білімі жоғары, мамандығы дене шынықтыру және спорт. Еңбек жолын 2009 жылы Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған. 2013-2017 жылдары – Қызылорда қаласындағы «Қадам Б.М.К» ЖШС-да бөлім басшысы, «Спорттық АДС Джиуджитсу Шин Айкидо федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы филиалында бас

менеджер. 2017 жылы – Жалағаш кентіндегі «Нарексен» спорт клубында спорт нұсқаушы. 2017-2021 жылдары – Қызылорда қаласында «Айбар» ЖШС директорының орынбасары. 2021 жылдан бастап осы уақытқа дейін жеке кәсіппен айналысқан. – Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның саясаты мен идеясын алға апарушы мемлекеттік қызметші екені белгілі. Сондықтан мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Қазақтар жақсы сөз бар «елдігі мықты елдің, тірлігі құтты болады деген». Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің ауқымды екенін, оның мақсаттары биік екенін жете түсініп, жауапкершіліктен қарау керек. Өзінің жетік меңгерген мамандығына адал мемлекеттік қызметкерлер елге қызмет жасаған уақытта біздің барлық мақсатымыз, алға қойған міндеттеріміз орындалады деп сенемін. Сондықтан бүгінгі тағайындалған өріптестеріме сәттілік тілеймін. Мемлекеттік қызметте адал еңбек етіп, елдің дамуына, өркендеуіне ұзақ жылдар үлес қосқан ардақты ағаларымыз отыр. Осы кісілердің енегісің, өрелі сөздерін естіп, жолың жалғастырамын деген сенімдемің, – деді Арнұр Нұрмағанбетов.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

## Конференция



## Атқарылған жұмыстар пысықталды

**«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ Жылдан-жылға дамып, еліміздегі ең ірі, ықпалды саяси күш ретінде, БҰЛЖЫМАС ҚАҒИДАЛАРЫН, Саяси мақсаттары мен заманауи бағыт-бағдарын айқындады. Қазіргі күні ел арасында жүріп көптеген мәселелердің оң шешімін табуда. Кешенің АУДАНДЫҚ РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫНДА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ХАТШЫСЫ ҚАНШАГУЛ МҰСТАФАЕВАНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛДЫҢ КЕЗЕКТІ XXXVII ЕСЕП БЕРУ САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ.**

Аталған конференцияны «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагул Мұстафаева жүргізді. Конференцияға «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов пен «Аманат» партиясы облыстық филиалының саяси кеңес мүшесі Райкүл Байназарова, сондай-ақ «Аманат» партиясы аудандық филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросы мүшелері, партия ардагерлері, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері, аудандық мәслихаттағы фракция мүшелері және «Жастар Рухы» Жастар қанаты мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиында күн тәртібі бойынша үш мәселе қаралды. Партияның аудандық филиалы саяси кеңесінің 2021-2022 жылдары атқарған жұмыстары және алдағы кезеңге арналған міндеттер, оның ішінде сайлауалды бағдарламаларды іске асыру бойынша өңірлік жол картасын іске асыру туралы есебі, және «Аманат» партиясы аудандық филиалының саяси кеңесі құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мен «Аманат» партиясы облыстық филиалының кезекті XXXVII есеп беру сайлау конференциясына делегаттар сайлау туралы сөз қозғалды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагул Шоңмурынқызы баяндама жасады. Ол «Аманат» партиясы Қазақстан Республикасын-

дағы көшбасшы партия ғана емес, әлемдік деңгейдегі бағдары айқын және даму барысы дараланған шынайы демократиялық үдерістерге сай партия деді. Өткеннен сабақ алып, бүгінгімізді әділ бағалап, болашағымызға бағдар жасап, еркіндік қоғамдық-саяси үдерістердің бел ортасында жүргенін тілге тиек етті. – Біз – түрлі көзқарастар мен ой-пікірлердің тоғысатын үндесетін алаңымыз. Біздің партия өр адамның құқығы мен бостандығын қорғап, ортақ құндылықтармен, ұлттық мүддемен және бір болашақпен біріккен қоғамды қалыптастырады. Біздің партия мемлекеттің міндеттерін алмастырмайды, бірақ халықтың суранысына жауап беріп, тиімді шешімдер ұсынады. Партияның бағдарламалары мен реформаларын іске асыруға бағытталған партиялық жобалар және ішкіпартиялық іс-шаралар аясында жыл сайын бекітілген республикалық желілік кесте мен жұмыс жоспары аясында есепті мерзімде 2021 мен 2023 жылдың 1 тамызына дейін барлығы 1520-дан аса шара өтті. Оның ішінде партиялық жобалар аясында таратып өтсек: «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалар аясында 93, «TazaLike» аясында 84, «Бақытты отбасы» аясында 50, «Көдергісіз келешек» аясында 42, «Халыққа көмек» аясында 35, «Ұлттық мұра» аясында 26, «Жастар – Отанға» аясында 15 партиялық жоба жүзеге асты. 2021-2023 жылдары партияның аудандық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар

Қанатының қатысуымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Балалар үшін қауіпсіз және жайлы инфрақұрылым», жастар арасында күнқық бузушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд, «Тұлға бол» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңке, партияның «Ардагерді ардақтайық» жобасы аясында қол көмек жұмыстары, аудан жастарымен кездесу бойынша бірқатар тыңдырымды жұмыстар атқарылды. Партиялық жобалардан бөлек семинар-тренингтер, акциялар, қайырымдылық шаралар, байқаулар, кездесулер өтті. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, жас ұрпаққа насихаттау мақсатында партияның ұйымдастыруымен ауқымды іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілді, – деді Қаншагул Мұстафаева. «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесі халықпен арадағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін бірден-бір көпір болып табылады. 2021-2022 жылдары 300-ден аса қабылдау, 1000-ға жуық тұрғынның өтініші тыңдалды. Нәтижесінде 600 тұрғынның мәселесі оң шешімін тауып, қалған мәселелер бойынша тиісті сала өкілдерімен заң аясында құқықтық кеңестермен толықтырылды. Сонымен қатар республикалық мобильді қоғамдық қабылдау ұйымдастырылып, 150-ге тарта тұрғын бейінді мамандардан кеңес алды. Партияны қайта жаңғырту бағдарламасы аясында шалғайдағы елді мекендерде ауыл тұрғындарына қолжетімді мүмкіндіктер жасап, елдің

мұң-мұқтажын тыңдату мақсатында республикалық мобильді қоғамдық қабылдау жұмысы басталған болатын. Аудан бойынша 2022 жылы Аламесек, Жаңадария, Аққұм, М.Шәменов, Таң, Аққұм, ал 2023 жылы Бұқарбай батыр ауылдық округінде ұйымдастырылып, 150-ге жуық тұрғын бейінді мамандардан кеңес алып, тұрғындардың өтінішін қараумен қатар, игілігіне бағытталған жобаларды түсіндіру, насихаттау мақсатында бірқатар жұмыстар қолға алынды. Жарыс сөзге шыққан аудандық мәслихатындағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясы жетекшісінің орынбасары Қуат Ахетов фракция жұмысы туралы хабарлама жасап, алдағы міндеттерге тоқталса, «Аққұм ауылдық округі» бастауыш партия ұйымының төрағасы Гүлжайна Айтжанова партия ұйымының 2021-2023 жылдардағы мардымды істері мен алдағы жоспары туралы хабарлама жасады. Конференцияның күн тәртібіне қойылған кезекті мәселелерде «Аманат» партиясы аудандық филиалының саяси кеңесі құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, конференцияға қатысушы делегаттардың дауыс беруімен «АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының кезекті XXXII есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар сайланды. «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов өз сөзінде партия филиалының атқарған жұмысына оң бағасын беріп, алдағы уақытта партияластарды ел мүддесі жолында бірлесу жұмыс жасауға шақырды. Конференция соңында жаңадан қабылданған партия мүшелеріне «Аманат» партиясының партиялық билеті табысталып, күн тәртібіне ұсынылған мәселелер толығымен қаралып, тиісті қаулылар қабылданды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Таным

# Тыл ардагерінің тағылымды жолы

**ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА ЕЛ БАСҚАРҒАН АЗАМАТТАР МЕН ЕҢБЕК АДАМДАРЫ ЖАЙЛЫ ЖАЗЫЛЫП, ЕЛГЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕКТЕРІ НАСИХАТТАЛЫП КЕЛЕДІ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА БІРНеше колхоз бен ауылдық кеңеске төраға болған, елді бірлікке, еңбекке ұйымдастырып, басшылық жасаған еңбек және тыл ардагері Нұржан Елемесовтың есімі ерекшеленіп, тау тұлғасы дараланып тұрады. Енді түсінікті болу үшін алдымен бұғыстық және аудандық мұрағаттардан алынған оның өмір дерегімен таныстыра кетейік...**

Н.Елемесов 1905 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезі «Қаракөл-Қостам» болысында туған. Еңбек жолын өткен ғасырдың 20 жылдарының басында «Қаракөл-Қостам» болысы Тапдыбаев Жолшараның «поштабай» шабарманы болудан бастаған.

Сауат ашу мектебінен бастауыш білім алған. Сонан соң ауылдық Кеңес төрағаларын дайындайтын Ақтөбедегі қысқамерзімді кеңес-партия мектебін және Шымкенттегі колхоз төрағаларының курсына бітірген. 1933-1936 жылдары 1 май ауылдық Кеңесіне қарасты «Қара ой» колхозының төрағасы, 1936-1940 жылдары 1 май ауылдық Кеңесінің төрағасы, 1940-1944 жылдары осы ауылдық Кеңеске қарасты «Қызыл жұлдыз» колхозының төрағасы, 1944-1946 жылдары Мәдениет ауылдық Кеңесіне қарасты Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхозының төрағасы, 1946-1947 жылдары 1 май ауылдық Кеңесіне қарасты «Қызыл жұлдыз» колхозының төрағасы, 1947-1950 жылдары Мәдениет ауылдық Кеңесіне қарасты «Бірлік» колхозының төрағасы қызметтерін атқарып, қиын уақыттың ауыртпалықтарына мойымай адал еңбек еткен. 1950 жылы маيدا колхоздар ірілендірілгеннен кейін Жамбыл атындағы колхозда мүйізді ірі қара фермасының меңгерушісі болды. Ол өте халықтың қайырымды да адал, ел-жұртына беделі өте жоғары болған.

Кешегі отызыншы, қырықыншы, елуінші жылдары ел басына күн туған ашаршылық, репрессия, Ұлы Отан соғысы және халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде колхоз басқарып, жұмыс жүргізу оңай болмады. Бұл кезде артельколхоздар құрылып, ел енді есін жия бастаған еді. Техника келе қоймаған, егін егу, мал азығын дайындау жұмыстары қол күшімен атқарылатын. Осындай қиын сәтте тығыртықтан шығар жол тапты. Өзінің іскер, еңбек-қорлығының арқасында халықты игілікті іске ұйымдастыра білді. Мемлекет мүддесі мен халықтың жағдайына бірдей қарап, жұмыс жүргізді. Әрбір істің ақ-қарасын ашық айтып, әділдікті ту етті. Канал қаздырып, егін өктірді. Ол басқарған колхоздарда мал басы көбейіп, халық тойынды.

Нұржан Елемесовтың байырғы колхоз төрағасы ретінде елге сіңірген еңбегі жайында Қызылорда облысы мен Жалағаш ауданының құрметті азаматы Камал Бердәулетов ағамыз былай дейді: – Нұржан Елемесов ел басқарушының сыналған шебері еді, ол-халықтың қалың ортасынан шыққан өзінің

сындарлы істерімен, сырбаз мінезімен халықты баурап алушы еді, – деп жазды өзінің «Колхоз құрылысы» деген естелігінде.

Осылайша ауыл шаруашылығының майталманы, марқұм Кәмекең ағамыз жазғандай, тәжірибесі мол төраға халықпен бірге болып, колхоз шаруашылығын дөңгелентіп өжеткен. Н.Елемесовтың ел басқарудағы іс тәжірибелері, тәлім тәрбиелері жайлы замандас інілері де еңгімелеп отырады.

– Нұржекең өмірлік тәжірибесі мол заманына сай сауаты бар, әрі мәдениетті кісі еді. Совхоздың жетістіктеріне қуанып, үнемі қолдау көрсетіп отыратын – деп еске алып отыратын ауыл шаруашылығының көрнекті өкілі, Қызылорда облысы мен Жалағаш ауданының құрметті азаматы, Еңбек Ері марқұм Ұзақ Еспанов ағамыз.

Бірде Мәдениет каналының шлюзінде оған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Қазантаев кездесіп қалады. Амандық-саулықтан соң ол: – Қонысбекжан, газеттегі мәлімет бойынша біздің совхоз астық тапсырудан бірінші орында тұр. Бірақ бесқүндіктің қорытындысымен басқа совхоз жеңімпаз болып кеткені қалай, – деп сұрайды.

Бұған Қоңекен риза болады.

– Мәдениеттің тасы өрге домалайтын себебі, олардың тілеулес, қамқор қарттары көп, – деп біразаға дейін айтып жүрді.

Ал біздің бесқүндіктің жеңімпазы бола алмағанымыз, күріш тапсырудан алда болғанымызбен мал азығын дайындауда кемшілігіміз бар еді. Сонымен қатар Нұржан ақсақал науқан кезінде зейнеткерлерді ұйымдастырып, қырманға келіп күрішті ескі әдіспен шөңгел сыпырғышпен шарлап тазартуға көмек көрсететін. Бір жылы «Әлжан шоқалары» деген жерден тың жерді игердік. Сол жерге зейнеткерлерді әкеліп, жыңғыл мен шөңгелдің тамырларын жинауға көмектесті. Содан біз олардың өздері жинаған томарларды отындыққа түсіріп беремекші болғанбыз. Сонда да Нұржекең марқұм: – Ұзақжан, менің балаларым жұмыс істеп, табыс тауып жүр. Құдайға шүкір, отыннан, жем-шөптен тарыққан күндерім болған емес. Отындыққа осы жолы балалары жастауларға түсіріп бергенің дұрыс. Сосын «мына ағанның мінезін білесің» деп, үнемі көмек сұрап жүретін дауекестеу бір ақсақалдың атын атап: «Таспен ұранды аспен ұр» дегенді де айтып еді, жарықтық біртуар ағамыз. Ол әрдайым ақыл-кеңесін айтып, өмірлік тәжірибелерін үйретіп

отырды.

КСРО ІІМ-ге еңбегі сіңген қызметкер, отставкадағы ішкі қызмет подполковнигі Шалқар Оразымбетов: – Нұржан ағамыз ел тарихың салт-дәстүрімізді жетік білетін шежіре болатын. Әкеміздің көзін көрген ол-біздерді үнемі қолдап, «айналайындар, аман болыңдаршы» деп отырушы еді. Сосын жартылай әскери үлгіде киім тіктіріп киіп, жинақы тап-таза жүретін, – десе, ауданның құрметті азаматы, ардагер марқұм Көптілеу Тоқсанов ол кісінің көпшіл көрегендігі, сөзге шебер, шешендігі, мәдениеттілігі жайлы еңгімелейді.

Нұржан Елемесовтың ұтымды тауып айтқан еңгімелері де ауылдастары арасында көп сақталған. Енді оның осындай сөз-терезе тауып айтқан еңгімелеріне кезек берсек...

...Қырықыншы жылдардың соңында «Бірлік» колхозының төрағасы болып жүргенінде халықтан май жинап, мемлекетке өткізу жоспары мүлдем орындалмай қалыпты. Себебі ол колхозшылардың жағдайына көбірек алаңдайтын болған. Ауданнан келген уәкіл райкомға «қызметіңнен алу жайлы ұсыныс түсірмең» деп жірліктегенде: – Уәкіл жолдас, маған бір аптаға мұрсат беріңіз, осы уақытта жоспарды артығымен орындаймын. Менің ойластырған резервім бар. Шошқа құдайдың малы емес пе? Бүгін Жаңадария бойына өгіз оқты мылтықпен қаруланған бес жігітті атаңдарымын. Олар жабайы шошқа атады, әдетте олар майлы болады. Сосын шошқа майын үлкен қазанға шығыртып, бөтелкеге құйып өткізіп, жоспарды артығымен орындаймын. Мәскеу жағайлар шошқа майына кетері емес екенін өзіңіз де білесіз, – деп, жазадан құтылып кетті.

Беріректе Серікбай деген ағасы бейіт басындағы биіктеу жерді көрсетіп «олай-бұлай болып кетсем, мені осы жерге қоярың» депті. Сол жерде Жұбай деген тағы бір ағасы «қоқ», бұл жерге мен жатамын» деп, екі ақсақал бейіт басында көрілдісіп, қырықпышақ болыпты. Сонда Нұржекең: – Ағалар-ау, еуелі өліп көрсендерші, сосын қайысыңды қай жерге қоямыз, оны біз шешеміз ғой, – деген екен.

Ауданымызға белгілі тұлға Сейітнәби Мұқашов ағамыз Жамбыл атындағы колхозға (Мәдениет) төраға болғаннан соң ел ағаларын үйіне шақырып, қоңақасы беріп, үлкендердің батасын алыпты. Шай үстіндегі сөздің кезегі келгенде Нұржекең: – Сейітнәбижан, мына отырғандардан менің жасыратыным



жоқ, ортамызға келіп жатырсың, байғазым болсын, семіз бір қой атаймын – депті. Өзіл сөз айтқанды ұнататын Сейітнәби ағамыз: – Аға, бұл билыға атағаныңыз шығар, келер жылы да бір қой атайтын шығарсыз, – дегенде, Нұржекең іркілместен: – Ол енді сенің бізді осылай шақырып, шай беріп тұруыңа байланысты, – деген екен.

Ел басқарып еңбегі сіңген Н.Елемесовтың зиялы қауымымен, өнер адамдарымен, дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болғаны ел арасында жиі айтылады. Сыр сұлей Жиенбайдың баласы Рүстембек жыраумен құрдас-дос ретінде жақсы сыйласқан Ақын-жыраулар Әбілда Жүргенбаев, Балқашбай Жүсіповтермен сыйласып, тығыз қарым-қатынаста болған. Күміс көмей Көшенейді де ауылға арнайы шақырып, жыр-терме айтырған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Асқар Тоқмағанбетов өкелі Жаңақорған, Сарыағаш шипажайларында бірге демалып, кейіннен құрдас ретінде сыйластықта болған екен.

1983 жылы Асқар ақын қайтыс болғанда совхоз басшылары және сол кездегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Ұлмекен Төлегеновалармен бірге барып, жаназасына қатысып, ақын құрдасын ақтық сапарға шығарып салу рәсіміне қатысқан. Сондай-ақ жастары кіші болса да, ақын жазушылар Темірше Сарыбаев, Қомшабай Сүйеншов жыршы-термешілер Сары Рахметов, Жұмабек Аққұловтар секілді іні-лерінің өнеріне сүйсініп, үнемі қолдау көрсетіп келген. Олардың ақындық-жыршылық өнерін халық арасында насихаттаған «Дін – апын» деп шектеу қойылған кеңестік кезеңде де халқымыздың дінін, дәстүрін құрметтеген ол дін иелері Алдашбай ахунның баласы Асан Мақсұм, Дәулетназар ахунның баласы Әбілпак Мақсұм және Садық ахунның баласы Тәжидін емшілермен де достық

қарым-қатынасын үзбеген. Көргені мен түйгені мол қазыналы қария дінімиз бен тіліміздің болашағын ойлап, еліміздің ертеңін болжап, еңгіме қозғап отырған.

Соғыс және еңбек ардагері, марқұм Жауынбай Маханов, қазақша күресте Нұржекеңнің іштен шалу әдісін жақсы меңгерген палуан және жас кезінен атқа шапқан шабандоз, атсейістігі жайлы айтып отырушы еді. Ол әрдайым «Нұржекең нағашым ауылдық Кеңес төрағасы, колхоз бастығы болып кетпегенде жауырыны жерге тимейтін палуан спортшы болатын еді» деп айтып отырады екен.

Ол халқымен бірге болып, тұрмысы төмендерге қолдау көрсетті. Екі сөзінің бірінде «маңдай термен егілген ел ризығы мемлекетке де жетеді, халыққа да жетеді» дейді екен. Соны көре алмаушылар сыртынан тас атып, амаларшылқ кезінде аштарға таратқан астықты байшылдарға берді деп арыз жазылып, бір жарым жылға сотталған. Бірақ аққа қара жұқпайды, 15 күннен кейін ақталып шығады.

1951-1952 жылдары қыс өте қатты болғаны біздерге көне көздердің айтулары арқылы белгілі. Сондағы қақарлы қыстың суығына шыдамай, фермалардағы мал шығыны көп болған. Солардың ішінде колхоздар іріленген кезде қосылған қашырым малдардың көпшілігі қырылып қалған. 1952 жылы бүкіл Қазақстан бойынша мал санағы жүргізіледі. Осы санақта өлген малдарды бас пайдасына жаратты деген айыппен Н.Елемесов 12 жылға сотталған. Сондағы тағылған айыбы ферма бойынша 23 бас мал кем шыққан. Бірақ сол 23 бас малдың 18 басы орнына қойылған. Мал басын тұғындейдеу жора-жолдастары, туған-туысқандары түгел ат салысып көмектеседі. Осының өзінен-ақ оның бұқара халық арасындағы беделінің жоғары

болғанын аңғаруға болады.

Ол кездері ауылдағы ағайынның мал-текесі барлары некен-саяқ, көпшілігі жоқ-жұқа жандар болатын. Бір қызығы, 1953 жылдың қаңтар айының жиырма сегізінде оған айып тағылып қамауға алынса, 31 қаңтар күні сот үкімі шыққан.

Адамды жазалауға келгенде ковейрлік әдіспен жылдам жұмыс істейтін «кеңестік әділ заң» оның тағдырын ұш-ақ күнде шешкен. Сол жылы наурыз айында И.Сталин өліп, көп кешікпей үлкен рахымшылық болғанымен ол бұған ілінбеген. Себебі рахымшылық бірінші кезекте тек қана саяси айып тағылғандарға ғана қатысты болған. Жазасын өтеу орнындағы кездейсоқ қайырымды бір адамның көмегімен ол КСРО басшылығымен Жоғарғы сотқа шағым жолдаған. Сөйтіп КСРО Жоғарғы сотының шешімімен ол бір жылға жетер-жетпес уақытта ақталып шығып, оның партиялық билеті мен мемлекеттік наградалары қайтарылған.

Ауылдық кеңес пен бас колхозға төраға болған Н.Елемесов жұбайы Сыздықова Мәми екеуі 4 ұл, 1 қыз өсіріп, тәлімді тәрбие берді. Немере-шебере сүйді. Балалары мен бауырларының келешегін ойлап, қамқор аға, әке болды. Бөрінің оқып, білім алуына ықпал етті. Ақылман би ағамыз ұрпақтарын адамгершілікке, адал еңбек етуге тәрбиелеп, бағыт-бағдар беріп отырды. Бүгінде мәуелі бәйтеректей өсіп-өнген Нұржановтар әулетінің тәрбиесін, тұрмыс-тіршілігін үлгі-өнеге етуге болады.

Тыл және еңбек ардагері Н.Елемесовтың көп жыл елді ұжымдастыру, халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы қажырлы еңбегі ескерусіз емес. Атап айтар болсақ, «Қазақстанға – 15 жыл», «ОСОАВИАХИМ бөлсендісі», «Коммунистік еңбектің екпіндісі» төсбелгілерімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы қажырлы еңбегі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері», Бүкілодақтық халық шаруашылығының жетістіктері марапатталған. Сонымен қатар «Ауыл шаруашылығындағы белсенді жұмысы үшін» деп Қазақ КСР-ның «Құрмет» грамотасымен де марапатталыпты.

Біз осы шағын мақалада облыстық, аудандық мұрағаттардан алынған деректерге сүйеніп, Н.Елемесовтың өмірі мен еңбек жолын таныстырып өттік. Бүкіл ғұмырын колхоз құрылысын қалыптастырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, туған жерін түлетуге арнаған ардагер ағаның елге сіңірген еңбегі, қызметтері зерттеліп, зерделене жатар. Қазақ халқының біртуар ұлы Мұстафа Шоқай «Ұлттың зиялылар қатарына тек өз халқының саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз еңбек ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр» деген екен. Өмірдің соқпағы мен тоқпағын көп көрген Нұржекеңнің ұлтының зиялысы, елінің патриоты болғанын бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Бүгінде тыл ардагері марқұм Елемесов Нұржан ақсақалдың ұрпақтары әкелетіндерінің атынан «Нұржан ата» саябағын және құрметті ардагердің атындағы Мәдениет аулының тарихынан жасақталған қоғамдық негіздегі музей-үйін ашуға жұмыс жасап жатыр

**Серік БЕРТАЕВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Бітімге келгеннің ісі берекелі

**«ҰРЫС БОЛСА, ЫРЫС ҚАШАР» ДЕП БІЛГЕН АТА-БАБАМЫЗ ДАУ ТҮЫНДАЙ ҚАЛСА, ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУҒА ТЫРЫСЫП БАҚҚАН. КЕЙІНГІ ҰРПАҚ ТА СОЛ ҒҰРЫПТАН ҮЛГІ АЛҒАН. БҮГІНГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА.**

Сотқа талап қоя берген адамның біріншіден қайта-қайта жұмыстан суранып, жеке ісін ысырып қоюына тура келеді. Өйткені істің қаралуы созылып кетуі мүмкін. Екіншіден, бұл – үлкен шығын. Мемлекеттің баж салығын төлейсіз, сот шығынын өтейсіз, адвокат жалдайсыз, жолға шашылсаңыз. Үшіншіден, екінші тарап туысыңыз, досыңыз, қызмет-тесіңіз болса, сыйластыққа, әріптестікке нұқсан келеді. Сондықтан сотқа бармастан бұрын ақылға келген жөн. Өйткені сот табыл-дырығын аттағаннан кейін кейбіреулер ашуды ақылға жөндіріп, өзара келісімге келіп, дауды шешуге болар еді ғой деп өкініп жатады. Ең дұрысы – татуласу, келісу, бітімге, бір мәмілеге келу. Одан екі жақ та ұтады.

Сот дау бойынша тараптарды татуластыруға көмек көрсетуге міндетті. Қазіргі таңда азаматтар соттағы және соттан тыс медиацияны, партисипативтік рәсімнің және татуластыру келісімінің арқасында бітімге келе алады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодекsinде татуласу рәсімдеріне арнап арнайы «Татуласу рәсімдері» деп аталатын 17-тарауы қарастырылған. Кодексте Татуласу рәсімінің 3 түрі көзделген. Яғни татуласу келісімі, медиация келісімі (дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу) және партисипативтік келісім (дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу).

Аталған келісімдердің бәрі де сотпен бекітіледі және ерқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Оларға жалпы түсінік беріп кетсек, артық болмас.

Татуласу келісімі – екі тараптың арасында жасалатын келісім. Бұл – бұрынғы бітімгершілік келісім, тек атауы өзгертілген десе де болады.

Сотта іс қараудың көз келген сатысында, яғни дайындық барысында, алдын ала сот отырысында немесе сот талқылауында, сот актісін орындау барысында жасауға болады.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім – медиатордың (кәсіби немесе кәсіби емес) немесе сотта медиацияны судья өткізу арқылы жасалатын келісім. Медиатордың көмегімен медиация жасау: сот тараптардың медиациялық келісімінің шарттарын талқылауға қатыспайды. Соттың бекітуіне тараптардың арасында медиатордың (кәсіби немесе кәсіби емес) қатысуымен жасалатын шарт ұсынылады.

Сот медиациясы, медиацияны өткізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Судья медиацияны «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және осы Кодексте белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып өткізеді.

Сот тараптардың өтініш хаты бойынша медиация рәсімін осы Кодекстің 150 бабының бірінші бөлігінде, осы баптың төртінші бөлігінде белгіленген мерзімдер шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды (жанжалды) реттеуге ықпал ететін болса, оларды медиацияға шақыруға құқылы.

Егер тараптар талап қою қабылданғанға дейін судьяның жәрдемдесуімен дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе, іске қатысы бар материалдар осы Кодекстің 35 бабының жетінші бөлігінде көзделген тәртіппен басқа судьяның қарауына беріледі.

Тараптардың келісуімен істі медиацияны өткізген судья қарауы мүмкін. Бірінші сатыдағы сотта медиация өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтініш хаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуі мүмкін. Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде істі одан әрі қарауды тараптардың келісуімен осы судья жалғастыруы мүмкін.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім – екі тарап адвокаттарының не заң консультанттары адвокаттарының мүшелері болып табылатын адамдардың дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасындағы келіссөздер жүргізу арқылы өткізілетін рәсім. Партисипативтік



келісім судьяның қатысуынсыз жасалады.

Медиация атауы қазақтың төп сөзі болмағанымен медиация тәсілі, табиғаты жағынан қазаққа жат емес. Көбіне сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан, істі апелляциялық, кассациялық сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың ерқайсысының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қайта бірнеше айға, ал кейбір жағдайларда жылға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді.

Медиатордың қызметі кәсіби негізде және кәсіби емес негізде жүзеге асырылу

мүмкін. Медиатор – қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым. Қазақтың мақал-мәтелдерінің өзі осы бітімге, татуласуға қатысты. Мысалы, «Жақсы даудан жаман бітім артық», «Тау таумен емес, адам адаммен кездеседі», «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей, бүгінгінің медиаторларының араласуымен қырықбақтық жойылып, адамдар арасында тату-тәтті, жылы шырайлы қарым-қатынас орнап жатса, қоғамдағы ахуал да жақсара түсері сөзсіз.

**С.АМАНТАЕВ, Жалағаш аудандық сотының судьясы**

